



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдесен
бастап шығады

№21/203
23 мамыр



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ РӘСІМІНДЕ СӨЗ СӨЙЛЕДІ



Президент, ең алдымен, салтанатты іс-шараға қатысушыларды Мәдениет және өнер қызметкерлері күнімен құттықтады.

— Бұл — еліміз үшін мән-маңызы айрықша мереке. Мәдениет — халқымыздың ұлттық болмысы мен рухани дербестігінің арқауы екенін бәріміз жақсы білеміз. Мәдени және рухани дүниесін сақтай білген елдің мәртебесі биік, мерейі үстем болары айқын. Сіздер осы игі мақсат жолында табанды жұмыс істеп келесіздер. Қоғамымыз бұл еңбекті жоғары бағалайды. Бүгін мен кәсіби мереке күні еліміздегі барша мәдениет және өнер саласы мамандарына шынайы алғысымды білдіремін! Қазақ — өнердің киесін ұғатын, өнерпаздың қадірін білетін жұрт. Біз ерекше дарын иелеріне әрдайым лайықты құрмет көрсетеміз. Жұртымыз «Өнердің өрісі кең» деп сіздерді қашанда қадірлеген. Міне, бүгінгі жиын да соның бір көрінісі. Шын мәнінде, руханияты бай елдің ойы озық, болашағы жарқын болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы қазір Қазақстанда ауқымды өзгерістер болып жатқанын айтты.

— Бұл жай ғана өзгерістер емес: еліміздің болашағына тікелей қатысы бар, мағынасы ауқымды, терең, кешенді, жүйелі реформалар жасалуда. Мақсатымыз — Отанымызды күшті, озық мемлекет ретінде дамыту, сондай-ақ, дарынды, отаншыл, жігерлі және көзі ашық, көкірегі ояу жастардың өмір жолын ашып беру. Наурыз айында бәріміз бір ел, бір халық болып конституциялық ре-

формаға бірауыздан қолдау көрсеттік. Ортақ іске мәдениет саласының мамандары мен өнер қайраткерлері де белсене атсалысты. Саяси науқан кезінде халқымыз еліміздің жарқын болашағына үлкен сеніммен қарап, тарихи таңдауын жасады. Осылайша, жаңа Конституциямыз тұғырына қонды. Расында, бұл Қазақстанның келешегін айқындайтын маңызды шешім болғаны анық. Ата заң — ел тәуелсіздігі мен мемлекеттігінің мызғымас кепілі, халқымыз жүріп келе жатқан жолдың басты темірқазығы. Конституцияда ұлтымыздың мүддесі, мақсат-мұраты мен арман-тілегі айқын көрініс тапты. Ата заңға сәйкес еліміздің егемендігін, жеріміздің тұтастығын, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау бұлжымас қағидат саналады, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияда тарихи-мәдени мұрамызды сақтау мәселесіне де баса назар аударылғанын жеткізді.

— Енді мәдениет саласын қолдау — мемлекеттің конституциялық міндеті. Қазір бұл бағытта ауқымды шаруа жасалып жатыр. Мен Мемлекет басшысы ретінде ұлт руханиятына адал қызмет етіп жүрген мамандардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға ерекше мән беріп отырмын. Мәселен, соңғы бес жылда олардың жалақысы екі есе ұлғайды. Биылдан бастап өнерпаздарға берілетін мемлекеттік стипендия көлемі екі есе өседі. Тек былтырдың өзінде елімізде 61 мәдениет нысаны салынды. 250-ден астам мекемеге жөндеу жұмыстары жүргізілді. Өткен жылы Президент Жарлығымен үш

бірдей мұражайға «Ұлттық» мәртебе берілді. Бұл жұмыс биыл да жалғасын табады. Меніңше, Максим Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрына және Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияға «Ұлттық» мәртебе берілсе, орынды болар еді. Сондай-ақ Сәбит Мұқанов атындағы облыстық қазақ музыкалық-драма театрына «Академиялық» мәртебе беру керек деп есептеймін. Аталған өнер ұжымдары тұтас еліміздің рухани мұрасын байытуға өлшеусіз үлес қосып келеді, — деді Президент.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы дәстүрлі өнерді, әсіресе, жыр, терме, күй өнерін дамытуға ерекше мән беру қажет деп санайды.

— Төл өркениетіміздің осындай теңдессіз қазыналарын дәріптеп жүрген өнер адамдарына қолдау көрсету маңызды. Осы орайда, мен «Асыл мұра» ұлттық сыйлығын тағайындау туралы шешім қабылдайтын болдым. Бұл марапат дәстүрлі өнер өкілдерін қолдауға, олардың шығармашылығын насихаттауға, ұлттық өнердің беделін арттыруға ықпал етеді. Осы жоғары дәрежелі сыйлықпен тиісті министрліктің ұсынысы бойынша Мемлекет басшысының Жарлығымен лайықты өнер және мәдениет қайраткерлері марапатталады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, мәдениет пен өнер саласы ел өмірінің ажырамас бөлігі ретінде әрдайым мемлекет назарында болады.

— Еліміздің төл мәдениеті дүние жүзіне лайықты деңгейде танылып

келеді. Халқымыз жақсы көретін әйгілі музыканттар, әншілер, актерлер, суретшілер, бишілер, креативті индустрия өкілдері және басқа да өнер шеберлері қазіргі қазақ руханиятының жарқын бет-бейнесіне айналды. Қазақстанның шетелде кеңінен танылған медиа жобасы — Silk Way Star халықаралық ән байқауы. Бұл — заманауи мәдени дипломатияның бір үлгісі. Еліміз халықаралық ұйымдармен ықпалдастықты айтарлықтай күшейтті. Ірі мәдени-ағарту жобалары белсенді түрде қолға алынып, ғылыми бастамалар көтерілуде. Бұл сан қырлы қазақ мәдениетін насихаттау бағытындағы дұрыс әрі қажетті іс. Бүгінгі кездесуіміз маңызды күннің қарсаңында өтуде. Мұның символдық мәні зор. 1992 жылы 22 мамырда Қазақстан ЮНЕСКО-ның толық мүшесі атанды. Айтпақшы, осыдан 34 жыл бұрын, дәл сол күні министрінің орынбасары ретінде аталған беделді халықаралық ұйымның Париждегі штаб-пәтеріне барып, ЮНЕСКО-ның сол кездегі Бас директоры Федерико Майормен бірге осы тарихи уақиғаға қатысты құжатқа қол қойған едім. Содан бері еліміздің жиырмаға жуық материалдық және материалдық емес мұрасы, соның ішінде Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ЮНЕСКО тізбелеріне енді. Бұл тізім алдағы уақытта ұлғая түседі. ЮНЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссия мен тиісті министрліктерге осындай міндет жүктелді, — деді Мемлекет басшысы.

Толығырақ akorda.kz сайтында



ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА! ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУІН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

*Құрметті Приозерск
қаласының тұрғындары!*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы № 826 Жарлығын орындау үшін барлық деңгейдегі әкімдер жыл бойы халықпен кездесулер өткізіп, оның барысында халықты толғандыратын әлеуметтік мәселелерге назар аударып, Қазақстанды жаңғыртудың жаңа бағытының негізгі бағыттары туралы хабардар етіп, проблемалық мәселелерді шешу жолдары мен мерзімдерін түсіндіреді.

2026 жылғы 11 маусымда сағат 16.00-де Приозерск қаласы әкімі М.Т. Ахметовтың тұрғындармен кездесуі өтеді.

Кездесу барысында тұрғындар мен жергілікті атқарушы биліктің, арасында «Халық үніне құлақ аса-

тын мемлекет» тұжырымдамасы аясында халықпен кері байланыс барынша орнатылады.

Қала әкімі жергілікті атқарушы органдардың, прокуратура және ішкі істер органдарының басшылық құрамымен, мәслихат депутаттарымен, Қоғамдық кеңес мүшелерімен, жергілікті зиялылармен бірлесіп, азаматтарды жеке қабылдау өткізеді.

Азаматтарды толғандыратын проблемалық мәселелерді және ұсыныстар мен ескертулерді жинақтау үшін арнайы орындарда жәшіктер қойылады.

Айтылған ескертулер мен ұсыныстар әкімдердің жұмысына баға беруде ғана емес, сонымен бірге жасалатын нақты жоспарлар мен шараларда көрсетілетін болады.

Қала әкімдігі

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ!

2026 жылғы 11 маусымда сағат 16.00-де «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығында қала әкімі М.Т. Ахметовтың қала тұрғындарымен кездесуі өтеді.

Ұсыныстар мен ескертулерге арналған жәшіктер келесі мекенжайлар бойынша орнатылды:

№	Жәшіктер орны	Мекен-жай
1	Приозерск қаласының әкімі аппараты	Пушкин к., 7
2	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Қарағанды облысы бойынша филиалы Приозерск қалалық бөлімінің ғимараты	Космонавтар к., 1
3	Жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің ғимараты	Балқаш к., 5
4	Қалалық орталық аурухана ғимараты (емхана, тіркеу орны)	Транспорт к., 17

Сонымен қатар, өтініштеріңізді жұмыс күндері сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін (түскі үзіліс 13:00-ден 14:30-ға дейін) (8-71039)53006 телефоны бойынша қалдыруға немесе prio_akimat@akimat09.kz электрондық поштасына жіберуге болады.

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ! О ПРОВЕДЕНИИ ВСТРЕЧИ АКИМА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК С НАСЕЛЕНИЕМ

*Уважаемые жители города
Приозерск!*

Во исполнение Указа Президента Республики Казахстан от 3 марта 2022 г. № 826 акимы всех уровней проводят течение года встречи с населением, в ходе которых информируют об основных направлениях нового курса модернизации Казахстана с акцентом на социальные вопросы, волнующие население, и разъясняют пути и сроки решения проблемных вопросов.

11 июня 2026 года в 16.00 часов пройдет встреча акима города Приозерск Ахметова М.Т. с населением.

В ходе встречи между жителями и местной исполнительной властью в рамках реализации концепции «Слышащего

государства» максимально будет установлена обратная связь с населением.

Аким города совместно с руководящим составом местных исполнительных органов, органов прокуратуры и внутренних дел, депутатами маслихатов, членами Общественного совета, местной интеллигенцией проводит личный прием граждан.

Для сбора проблемных вопросов, волнующих граждан в специально отведенных местах будут установлены ящики для предложений и замечаний.

Все замечания, пожелания будут учтены не только при оценке их работы, но и найдут отражения в конкретных планах и мероприятиях.

Акима́т города

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА!

11 июня 2026 года в 16.00ч. в ЦДЮТ «Достық» пройдет встреча акима г. Приозерск М. Т. Ахметова с населением.

Ящики для предложений и замечаний расположены по следующим адресам:

№	Местоположение ящиков	Адрес
1	Здание аппарата акима города Приозерск	ул. Пушкина, 7
2	Здание отдела г. Приозерск по обслуживанию населения - филиала НАО «государственная корпорация» «Правительство для граждан» по Карагандинской области	ул. Космонавтов, 1
3	Здание отдела земельных отношений, архитектуры и градостроительства	ул. Балхаш, 5
4	Здание городской центральной больницы (поликлиника, регистратура)	ул. Транспортная, 17

Также, оставить свои обращения можно по телефону (8-71039)53006 в будние дни с 09:00 до 18:30 (с перерывом на обед с 13:00 до 14:30), или отправить на электронную почту prio_akimat@akimat09.kz

Объявление

Товарищество с ограниченной ответственностью «PRO-ABTOSERVICE» БИН 240640018419, юридический адрес: г. Алматы, Алатауский район, ул. Северное кольцо, зд. 116, уведомляет о принятом решении о ликвидации ТОО и прекращении деятельности с 05 апреля 2026 года. Претензии кредиторов принимаются в течение двух месяцев со дня публикации настоящего уведомления. телефон: +7 778 200 6985

Наследственное дело

Наследственное дело открыто после смерти гражданина Жолдас Бахтияр Куракбайұлы, умершего 21 декабря 2025 года. Наследникам, а также физическим и юридическим лицам к которым Жолдас Бахтияр Куракбайұлы имели обязательства обращаться к нотариусу Карабекову Омар Сайлауовичу по адресу: Карагандинская область, г. Приозерск, улица Космонавтов, дом 1, офис 3. Справки по телефону: 5-38-94; +7 708 142 6899; e-mail: omar.karabek@mail.ru

ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРЫЛУШЫЛАР МЕН ӘСКЕРИ МІНДЕТТІЛЕРДІ ӘСКЕРИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ МАМАНДЫҚТАР БОЙЫНША ДАЯРЛАУҒА ЖІБЕРУ ҮШІН КЕЗЕККЕ ҚОЮ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША

Мемлекеттік қызмет көрсету жүйесі азаматтардың өмірінің барлық саласын қамтиды. Соның ішінде қорғаныс саласындағы қызметтер — ерекше маңызға ие бағыттардың бірі. Әскерге шақырту науқаны кезінде көптеген азаматтар өз құқықтары мен мүмкіндіктері жөнінде толық ақпаратқа ие бола бермейді. Осыған байланысты, жергілікті әскери басқару органдарының халыққа көрсететін мемлекеттік қызметтері туралы мәлімет беру қоғам үшін өзекті болып табылады.

Қазіргі таңда, ҚР Қорғаныс министірілігінің ұйымдастыру және жұмылдыру жұмыстары жөніндегі департаментінің жергілікті әскери басқару органдары көрсететін мемлекеттік қызметтерінің 90 %-ы электронды түрде көрсетілетін қызметтердің қатарына кірді.

Жергілікті әскери басқару органдарының көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің бірі «Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға жіберу үшін әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді кезекке қою» денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды әскери міндетті және 24 жастан - 27 жасқа дейінгі, денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды немесе шектеулі жарамды, оның ішінде әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылған әскерге шақырылушыларға көрсетіледі.

Азаматтарды әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлау бойынша көрсетілетін қызметтің құны — 390 000 теңгені құрайды.

Оқу кезеңіне кіретін демалыс және мереке күні санын ескеріп, күнтізбелік 40 күннен 46 күнге дейін белгіленеді.

Көрсетілетін қызмет алушы «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы өтінішке ҚР ҚМ 2017 жылғы 17 шілдедегі № 357 бұйрықтың №3-қосымшаға сәйкес медициналық куәландыру картасының электрондық көшірмесін тіркей отырып жүгінеді.

Жергілікті әскери басқару органы түскен өтінішті қарау барысында қызмет алушының әскери есеп туралы мәліметін, жарамдылық санын және жасын тексере отырып мемлекеттік қызмет көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға жіберу үшін кезекке қою туралы хабарлама қызмет алушының «электрондық үкімет» веб-порталындағы жеке кабинетіне хабарлама түседі.

Кезекті оқыту күні басталғанға дейін 12 жұмыс күн бұрын қызмет алушыға ұялы байланыс абоненттік құрылғысының телефон нөміріне және «электрондық үкімет» порталындағы пайдаланушының жеке кабинетіне әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша оқу

үшін ақы төлеу қажеттілігі туралы хабарлама келіп түседі.

Қызмет алушы хабарлама алғаннан кейін «электрондық үкімет» порталындағы жеке кабинетінде келген сілтеме арқылы кіріп, екінші деңгейдегі банктер арқылы оқудың төлем ақысын үйден шықпай 2 жұмыс күні ішінде төлем жасай алады.

Қызмет алушының оқуға ақы төленгені расталғанда, қызметті алушының ұялы байланыс абоненттік құрылғысының телефон нөміріне әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға жіберу туралы хабарлама келіп түседі. Хабарламада оқу орнына келу уақыты, қай мекен-жайда орналасқан және өзіңізбен бірге жеке заттар, гигиена құралдары болуға тиіс екендігі көрсетіледі.

Оқу кезеңінде әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілер далалық киім-кешекпен (маусым бойынша) қамтамасыз етіледі, үш мезгіл тамақтану және монша-кір жуу қызметі көрсетіліп, тәулік бойы әскери казармада тұрады, ол әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлау құнына кіреді.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінде қатардағы жауынгер мен сержант құрамының әскери билеті және оқу бітіргені туралы сертификат беріледі.

Электрондық форматта қызмет алу мүмкіндігі кезек күтуді және қағаз бастылықты азайтып, ашықтықты және рәсімдердің айқындығын қамтамасыз етеді.

Аталмыш мемлекеттік қызмет жастардың оқуын жалғастыруына, отбасылық жағдайын реттеуіне немесе денсаулығын қалпына келтіруіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар цифрлық форматта көрсетілуі арқылы мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі мен тиімділігін арттырады.

Құрметті қызмет алушы, егер Сіз мемлекеттік қызмет алу барысында әкімшілік кедергілер, оның ішінде мемлекеттік қызмет көрсету кезінде артық құжаттар талап ету, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін бұзу, негізсіз бас тарту немесе тағы басқа заң бұзушылықтарға жол берілгеніне куә болсаңыз, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментке келесі мекенжай бойынша жүгіну арқылы бұзылған құқықтарыңызды қалпына келтіре аласыз.

Мекенжайы: Қарағанды қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 39. Байланыс телефондары: 8 (7212) 50-40-66, 8 (7212) 50-33-83.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының бас маманы Мухадас Нурбол Каусарұлы



МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ

ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ КЕЗЕҢІ

КОНКУРСҚА ҚҰЖАТТАР
15 МАМЫР 15 МАУСЫМ
АРАЛЫҒЫНДА ҚАБЫЛДАНАДЫ

“ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ
ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІ” ММ,
АГЫБАЙ БАТЫРА 18, 2 ҚАБАТ

Конкурсқа қатысу үшін толтырылған құжаттарды: өтінім және марапаттардың, мінездемелердің көшірмелері бар портфолионы (құжаттар салынған папкада) 15 маусымға (қоса алғанда) дейін кешіктірілмей келесі мекенжай бойынша тапсыру қажет



Конкурс лауреаттарын марапаттау рәсімі салтанатты түрде диплом және ақшалай сыйлық тапсыра отырып өткізіледі

Анықтама үшін телефон: +7 747 358 8968

ҚҰРМЕТТІ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Сіздерді «Мерейлі отбасы» республикалық ұлттық конкурсының қалалық кезеңіне қатысуға шақырамыз!

Бұл — отбасыңыздың өнегесін танытып, жүлделі орындар мен бағалы сыйлықтарды жеңіп алуға керемет мүмкіндік!

1 орын иегерлері облыстық кезеңге тегін жолдама алады!

Конкурс ережесімен танысу және толық ақпарат алу үшін WhatsApp нөміріне жазыңыздар:

+7 747 358 8968

Құжат қабылдау мерзімі: 15 мамыр – 15 маусым аралығы.

«Мерейлі отбасы» — отбасы құндылықтарын дәріптейтін ұлттық конкурс!

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК!




МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ

ГОРОДСКОЙ ЭТАП НАЦИОНАЛЬНОГО КОНКУРСА

ПРИЁМ ДОКУМЕНТОВ НА
УЧАСТИЕ ПРОВОДИТСЯ
С 15 МАЯ ПО 15 ИЮНЯ

ГУ «ОТДЕЛ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ
Г. ПРИОЗЕРСК», ПО АДРЕСУ:
АГЫБАЙ БАТЫРА 18, 2 ЭТАЖ

Документы для участия в конкурсе: заполненную заявку, портфолио с копиями документов, грамот, характеристик (в папке с файлами) необходимо сдать не позднее 15 июня (включительно)



Победившая семья получает звание лауреата национального конкурса «Мерейлі отбасы», награждается дипломом и денежным призом.

Справки по телефону: +7 747 358 8968

Приглашаем вас принять участие в городском этапе республиканского национального конкурса «Мерейлі отбасы».

Это отличная возможность представить свою семью, показать семейные ценности и стать обладателями ценных призов и призовых мест!

Семья, занявшая 1 место, получает бесплатную путёвку на областной этап конкурса!

Для ознакомления с правилами конкурса и получения подробной информации пишите на WhatsApp:

+7 747 358 8968

Приём документов проводится с 15 мая по 15 июня.

«Мерейлі отбасы» — конкурс, прославляющий семейные ценности и традиции!

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР МАЙТАЛМАНДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ



Қарағанды облысында мәдениет пен өнер саласының қызметкерлері құрметке бөленді. Кәсіби мерекеге орай 25 адамға өңір әкімінің сыйлығы табысталды.

Сыйақы мөлшері 2 миллион теңгені құрайды, ал мамандығына адалдығы мен ұзақ жылғы еңбегі үшін берілетін басты марапат — 4 миллион теңге.

— Әлемде әрбір халық ең алдымен өзінің мәдениеті мен өнері арқылы танылады. Өнер — ұлттың жүрегі, ал мәдениет — оның рухани айнасы. Бұл құндылықтар адамзат өркениетінің берік іргетасын қалайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында мәдениетті қоғам дамуының басты тіректерінің бірі ретінде айқындап, оны қолдау мемлекеттік саясаттың басым бағыты болуы тиіс екенін атап өткен болатын. Бұл ұстаным сіздердің еңбектеріңіздің мәні мен маңызын толық ашады. Бүгінде қарағандылық мәдениет қайраткерлерінің шығармашылығы өңірден тыс жерлерге де кеңінен танылып отыр. Сіздердің тынымсыз еңбектеріңіздің арқасында ұрпақтар сабақтастығы сақталып, елдің рухани өзегі нығаюда, — деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Өңірде мәдениет инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары жүйелі түрде жалғасып келеді.

Жаңғыртудан кейін Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану мұражайы қайта есігін айқара ашты.

Бұқар жырау ауданының Үштөбе, Доскей және Көкпекті ауылдарында жаңа ауылдық клубтар пайдалануға берілді.

Ал Нұра ауданында жаңа Өнер үйінің құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Сонымен қатар, өңірдегі бірқатар маңызды мәдени нысандар — Станиславский театры, Қарағанды циркі, «Шалқыма» концерт залы және «Ленин» кинотеатры — ауқымды жаңғырту бағдарламасына енгізілген.

Облыс орталығында заманауи

Конгресс-холл салу мәселесі де қарастырылуда.

Қарағанды облысы республикада алғашқылардың бірі болып «Кітап оқитын ұлт» жобасын іске қосқан өңірлердің қатарында. Қысқа уақыт ішінде бұл бастама тек байқау шеңберінен шығып, кітап оқуға деген қызығушылықты арттырған кең қоғамдық қозғалысқа айналды. Мереке қарсаңында Мемлекет басшысының Жарлығымен бірқатар мәдениет және өнер қызметкерлері мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олардың қатарында қарағандылық өнерпаз да бар.

Облыс әкімі Мемлекет басшысы атынан К. С. Станиславский атындағы театрдың әртісі Иван Немцевке «Парасат» орденін табыс етті. Ол сахнада 60 жылдан астам уақыт бойы еңбек етіп келеді, бүгінде 79 жасында да өнерін жалғастырып жүр.

Өз кезегінде ардагер әртіс жас буынға жүрекжарды тілегін арнады: — Ең бастысы — төзім мен өзіңе деген сенім. Қателіктен қорықпаңыздар, ізденісті тоқтатпаңыздар. Сахна шынайылықты, еңбек пен адалдықты талап етеді, — деді ол.

Сондай-ақ мәдениет саласының қызметкерлері Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Еңбек ардагері» және «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгілерімен марапатталды.

2026 жылғы Қарағанды облысы әкімінің мәдениет және өнер саласындағы сыйлығының иегерлері:

Сыйақы мөлшері төрт миллион теңгені құрайтын «Мамандыққа адалдығы үшін» сыйлығымен Полатхан Тәшімов марапатталды — Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестік.

40 жылға жуық өнер жолында жүрген ардагер концертмейстер Тәттімбет атындағы халық аспаптары оркестрінде еңбек етіп, зейнетке шыққаннан кейін де өнер ордасынан қол үзген жоқ.

— Балалық шағымнан музыкамен тыныстап келемін. Өнер — менің



өмірлік жолым. Еңбектің еленгені үлкен қуаныш. Бүгінде мәдениетке деген қолдау артып келеді, бұл бізге шабыт беріп, тәжірибені жас буынға жеткізуге жігер сыйлайды, — дейді ол.

«Жылдың үздік әртісі» — Сұлтан Серікұлы — С. Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театры;

«Жылдың үздік актрисасы» — Светлана Потёмкина — К.С. Станиславский атындағы театр;

«Үздік эпизодтық рөл» — Амангелді Мұқашев — С. Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театры;

«Эстрадалық жанрдың үздік вокалисі» — Қуат Дүйсенов — Қ. Байжанов атындағы концерттік бірлестік;

«Классикалық жанр вокалисі» — Маржан Бұланова — Қарағанды академиялық музыкалық комедия театры;

«Жылдың үздік аспапшысы» — Ольга Городбина — Қарағанды академиялық музыкалық комедия театры,

Гүлшахра Салықова — Қ. Байжанов атындағы концерттік бірлестік;

«Халық әнінің үздік орындаушысы» — Меруеш Бәшай — Қ. Байжанов атындағы концерттік бірлестік;

«Солист-аспапшы» — Александр Ермошкин — Қ. Байжанов атындағы концерттік бірлестік;

«Жыл хореографы» — Бағлан Қайдасынова — Теміртау мәдениет сарайы;

«Балет және хореография үздігі» — Анастасия Крумина — Қарағанды академиялық музыкалық комедия театры;

«Әуесқой ұжымның үздік жетекшісі» — Баян Ахметова — Қарқаралы мәдени-ойын-сауық орталығы;

«Мәдени іс-шараларды үздік ұйымдастырушы» — Максат Омарбеков — Қарқаралы мәдени-ойын-сауық орталығы, Жомарт Ахмедин — Қарағанды қаласының саябақтар басқармасы.

Ауылдағы үздік мәдени іс-шараларды ұйымдастырушы ретінде Бұқар жырау ауданы Шешенқара ауылының Мәдениет үйінің меңгерушісі Жанна Бұрашева танылды.

Ол 25 жылдан бері ауыл мәдениетінің дамуына үлес қосып келе жатыр.

— Мәдениет үйінде 10-ға жуық үйірме жұмыс істейді. «Берёзка» этно-мәдени бірлестігі мен «Шалқыма» отбасылық орталығы тұрақты түрде жұмыс істейді. Ұжымымыз өте ұйымшыл, аудан өміріне белсене араласады. Мен түрлі мәдени іс-шараларды ұйымдастырып, би және қолөнер үйірмелерін жүргіземін. Бүгінгі марапат — зор құрмет, — дейді ол.

«Үздік композитор» — Назгүл Танатар — Қ. Байжанов атындағы концерттік бірлестік;

«Үздік ауыл кітапханашысы» — Анар Бердешева — Нұра ауданының Ізенді ауылының кітапханасы;

«Үздік кітапханашы» — Айнұр Шаймұханбетова — Қарағанды облыстық Н. В. Гоголь атындағы әмбебап ғылыми кітапхана, Елена Жоржик — Балқаш қаласының Орта-лықтандырылған кітапхана жүйесі;

«Үздік музей қызметкері» — Нұрболат Алдабаев — Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану мұражайы;

«Алтын жолақ» — Бағдат Мүбәрәк — Облыстық мәдениет және халық шығармашылығы ғылыми-әдістемелік орталығы;

«Жыл жүргізушісі» — Мейрамгүл Қәріпжанова — Қ. Байжанов атындағы концерттік бірлестік;

«Жыл архивісі» — Алена Дьякова — Қарағанды қаласының Мемлекеттік архиві;

«Мүгедектігі бар адамдармен жұмыс жөніндегі үздік маман» — Татьяна Головченко — Саңыраулар мәдениет үйі.

Айта кетейік, Қарағанды облысында мәдениет және өнер саласы қызметкерлеріне облыс әкімінің сыйлығы 2007 жылдан бері табыстала беріп келеді.

Осы уақыт аралығында 478 адам осы марапаттың иегері атанған.

Қарағанды облысы әкімдігінің баспасөз орталығы

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №21/203, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.